



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.

3. Официальный аккаунт информационного агентства Синьхуа 继往开来，共同谱写更加美好的明天——习近平主席在中国同中亚五国建交30周年视频峰会上的重要讲话解读;

4. Qingzhi Plan 哈萨克斯坦形势发展事关我国;

5. Научная электронная библиотека cyberleninka. Экономическая политика Китая в постсоветской центральной Азии;

6. Белая книга «Международное сотрудничество Китая в целях развития в новую эру» 《新时代的中国国际发展合作》白皮书;

7. Китайский аналитический дипломатический центр. Официальный отчет Си Цзиньпина о дипломатии и дипломатии Китая в новую эпоху. <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1730647697119117582&wfr=spider&for=pc>;

8. Ашимбаева А.Т. Китай в мировой экономике: динамика роста, стратегия и тактика преобразований, факторы конкурентоспособности. - Алматы, 2008;

9. Жэньминь жибао газета официальной пропаганды КПК КНР http://paper.people.com.cn/rmrb/html/2022-04/21/nbs.D110000renmrb_01.htm;

10. Селищев А.С., Селищев Н.А. Китайская экономика в 21 веке. - Издательский дом «Питер», 2004;

11. Официальный аккаунт China News Network <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1668933800694381032&wfr=spider&for=pc>;

12. Китайская газете The Paper. 讲座 | 从沙俄到苏联，再到哈萨克斯坦的中国研究学术史;

Резюме

Serikbay Altynai Serikbaykyzy

1st year master student of the Department of Political Sciences, Faculty of Journalism and Political Science of the Eurasian National University. L.N. Gumilyov

Onuchko Marina Yuryevna

Candidate of Political Sciences, Professor of the Department of Political Sciences, Faculty of Journalism and Political Science of the Eurasian National University. L.N. Gumilyov.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫН ДАМУДАҒЫ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУДЫҢ РӨЛІ

Силам Әсемай Жандаулетқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Саясаттану мамандығының 1 курс магистрантты

asem.silam@mail.ru

Аннотация

Мақалада елдіміздегі алғаш тікелей өткен әкімдер сайлау процесі туралы айтылады. Қазақстан қоғамын демократияландырудың басым бағыттардың бірі - жергілікті мемлекеттік басқаруды реформалау болып табылады. Биылғы жылы ауыл әкімдерінің сайлауы халықтың саяси белсенділігін арттырып, ауылдық жерлердегі сайлау мәдениетінің жоғарлауы туралы айтылады. Дамыған елдердің көпшілігі жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару үлгілерін жетілдіруге ұмтылады. Басқарудың бұл деңгейі халыққа ең жақын болып табылады және халықтың негізгі тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелерін шешеді. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды ұтымды құру кезінде жергілікті ресурстар

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

оңтайлы игеріліп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімі де айтарлықтай артады. Еліміздің саяси жүйесіндегі тұңғыш рет өткен ауыл әкімдерін сайлауы сөзсіз ауыл халқының азаматтық-қоғамдық белсенділігі мен саяси мәдениетін арттыра отырып, елімізде саяси плюрализм принциптерінің қалыптасуының көрсететін қажетті қадам бола білді.

Мақала жақсы құрылымдалған, нақты және түсінікті тілде жазылған, пайымдаулар қисынды, әдебиеттер тақырыпқа сәйкес келеді.

Кілт сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару институты, ауыл әкімдері, сайлау жүйе, демократия, саяси жүйе.

Демократиялы қоғам азаматтардың саяси өмірге белсене қатысуы, әлеуметтік маңызы бар шешімдерді қабылдауы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, азаматтарға өз пікірін ашық білдіру құқығы берілген, қоғамдық саясатты ұйымдастыруды және мүдделерін қорғауды көздейді. Мемлекеттік саясаттың демократиялық саласында маңызды орынды ортақ жергілікті істерді шешуде жеке тұлғалардың мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару институты алады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың даму деңгейі – қоғамның демократиялық сипатының елеулі көрсеткіші, азаматтардың белсенділігі мен олардың әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастыру процестеріне қатысуының дәлелі, қоғамдағы билікті нақты бөлудің маңызды параметрі және мемлекеттік басқаруды орталықтандыру дәрежесі.

Жалпы, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту деген өз алдына бөлек, кең ауқымды және өзекті тақырып. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің барлығында муниципалитет жүйесі жұмыс істейді әрі олар орталық биліктен мейлінше тәуелсіз. Муниципалды деңгейде сайлау жүйесін таңдау бүгінгі күнге дейін ашық мәселе болып табылады. Әлемде бұл таңдауға әртүрлі факторлар әсер етеді: тарихи, мәдени, географиялық және т.б. Оның құрылымы мен жүйесі барынша қарапайым, ашық және азаматтарға түсінікті. Яғни, бұл елдерде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі демократияның ең маңызды институттарының бірі десек қателеспейміз [1].

Муниципалдық басқару туралы ғылымның пайда болуы объективті қоғамдық қажеттіліктерден туындаған. Халықаралық тәжірибе оның қалыптасуы, дамуы және жетілуі әсіресе әлеуметтану, экономика, құқық тұрғысынан алғанда ұзақ және күрделі үдерісті білдіретінін көрсетті. Жергілікті қоғамдастық пен жергілікті өзін-өзі басқару туралы білімнің теориялық негіздері муниципалдық реформалар барысында көптеген еуропа елдерінде, сондай-ақ АҚШ пен Жапонияда XIX ғ. қаланды, ал қауымдық, қалалық басқару дәстүрлерінің тамыры терең қоғамның бастапқы ұяшықтарында жатыр: антикалық әлемнің полистік демократиясында, ортағасырлық сословиелік мемлекеттің қалалық және ауылдық қауымдарында [2].

Өзін-өзі басқарудың мемлекеттік теориясының туындауы XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғ. басындағы реалитарлардың өзгеруіне байланысты болды. Өзін-өзі басқарудың мемлекеттік теориясының негізгі ережелерін Лоренц Штейн мен Рудольф Гнейстом әзірленді. Олардың теориясы бойынша, өзін-өзі басқару – жергілікті мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың формаларының бірі. Жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы барлық өкілеттіктер мемлекет арқылы берілді, мемлекеттік билік көзі бар. Алайда, жергілікті өзін-өзі басқару үкіметтік шенеуніктер арқылы емес, жергілікті өзін-өзі басқарудың, жергілікті басқарудың нәтижелеріне мүдделі жергілікті тұрғындардың көмегімен жүзеге асырылады [3]. өзін-өзі басқару органдарының басты мақсаты-халық мүддесін жүзеге асыру.



Сурет 1 Қазіргі уақыттағы жергілікті өзін өзі басқарудың модельдерінің түрлері

Англосаксондық моделі	Континенттік (романдық) моделі
<p>Бірінші типті муниципалдық ұйым төменнің күшімен құрылады. Яғни, алдымен халықтың бастамасымен.</p> <p>Англосаксондық модельді Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Испания елдері өз тәжірибесінде қолданады.</p> <p>Англосаксондық жолмен дамып келе жатқан әрбір мемлекет, өзіндік ерекшеліктері бар. Олар жалпы халықты жергілікті басқаруға тартумен, жергілікті өзін-өзі басқаруды қоғамның саяси құрамдас бөлігін айналдыруға тырысады. Ұлыбританияда бұл қоғамдық бірлестіктер желісін құру АҚШ –қалалар мен аудандар қызметінде, Канадада – белсенді тұрғындардың наразылық топтары әрекетінде көрініс табады.</p> <p>Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздеріне тікелей заңмен көзделген іс-әрекеттерді ғана жасауға құқылы. Бұл ереже бұзылған жағдайда жергілікті билік органдарының өкілеттіктері жарамсыз болып табылады.</p>	<p>Континенттік (романдық) моделі орталық әкімшіліктің тікелей бақылауымен сипатталады.</p> <p>Мемлекеттің билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары бөлінуі жоқ, өйткені олар мемлекеттік билік тармағының жалғасы болып табылады.</p> <p>Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттің бір функциялық бөлігі ретінде жергілікті жерлерде мемлекеттік құрылымдарды бақылайды.</p> <p>Континенттік модельді Франция, Германия, Жапония мемлекеттері қолданады. Осы тұста бұл елдердің әрқайсысында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеуінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін атап өткен жөн.</p>

2 Сурет Жергілікті өзін өзі басқарудың англосаксондық және континенттік модельдерінің ерекшеліктері.

Шет мемлекеттерде жергілікті билік органдарын ұйымдастыру унитарлық мемлекеттерде орталық үкіметтің құзыретіне жататын әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

жүзеге асады, ал федеративтік мемлекеттерде көбінесе федерацияның субъектілеріне тиесілі [4].

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін реформалауға ұмтылыс жасауда. Жергілікті өзін-өзі басқару – халыққа ең жақын әкімшілік.

Дамыған елдердің көпшілігі жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару үлгілерін жетілдіруге ұмтылады. Басқарудың бұл деңгейі халыққа ең жақын болып табылады және халықтың негізгі тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелерін шешеді. Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды ұтымды құру кезінде жергілікті ресурстар оңтайлы игеріліп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімі де айтарлықтай артады.

Қазақстанда алғаш рет 1999 жылы 29 мамырда Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылдық округінде ауылдық деңгейдегі әкімдердің эксперименттік жанама сайлауы өткен болатын.

2001 жылы 20 қазанда тағы да эксперимент ретінде республиканың 14 облысының әрқайсысында 2 елді мекеннен есептеп 28 ауылдық елді мекенде сайлау өтті. Одан әрі 2013 жылға дейінгі кезеңде аудан, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауы эксперимент ретінде бірнеше рет өткізілді, бұл сайлау тетіктерін нақты сынақтан өткізуге мүмкіндік берді.

2013 және 2017 жылдары елдегі 2 500-ге жуық әкімнің 1416-сы жанама түрде сайланған. Яғни, әкімдерді тікелей тұрғындар емес, мәслихат депутаттары сайлады. Оның үстіне бұған дейін әкімдікке кандидаттарды одан жоғары тұрған әкімдер, яғни аудан әкімдері ұсынатын еді. Айналып келгенде сайланды деген аты болмаса, іс жүзінде мұндай сайлаудың тағайындаудан айырмашылығы шамалы еді. Осының бәрін ескерген саяси сарапшылар сол кездегі әкімдердің сайлауын «демократияның декорациясы» деп атағанды [6].

- 1999 жылы 29 мамырда Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылдық округі;
- 2001 жылы 20 қазанда 28 ауылдық елді мекенде сайлау;
- 2013 жылғы 13 маусым - Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту туралы Заңы;
- 2021 жылғы 25 шілде – ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауы

3 Сурет Қазақстандағы ауылдық округ әкімдерін сайлаудың хронологиясы.

Қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқару біздің саяси қоғам өмірімізде маңызды орын алуда. Жергілікті өзін-өзі басқару күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс болып табылады. Біріншіден, ол демократияның міндетті институты мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысандарының бірі. Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару – жергілікті істерді басқару тәсілі, халық әр түрлі басқару арқылы жүзеге асыратын қызметтің ерекше түрі (қоғамдық (муниципалдық)) басқару, ұйымдастыру формалары. Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде сайлаудың маңызы зор [7].

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару институттарын дамытудағы аталған бағыттар уақыттың талабы екендігі сөзсіз, өйткені, жергілікті органдар халыққа неғұрлым жақын орналасқан және олар билік институттарының бүкіл жүйесінің тұрақты әрі демократиялық сипатын қамтамсыз ететін жергілікті жерді биліктің ұйымдастырылуының бірінші деңгейі болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаттары жанама әдіспен өткізеді. Кандидаттарды аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілгеннен кейін ұсынылатын. Биыл біздің елімізде алғашқы рет аудандық деңгейдегі ауыл, кент, қала әкімдерінің тікелей сайлауы өткен болатын.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты ХІІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласына ауыл әкімдерін сайлау саласындағы саяси реформа халық пен өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардың өзекті мәселелерді бірлесіп шешуі үшін қажет екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев "Қазақстандағы сайлау туралы" Конституциялық заңға әкімдерді сайлауды енгізу мен барлық үміткерге қарсы дауыс беруді қарастыратын түзетулерге қол қойды .


Жергілікті және өзін-өзі басқаруды реформалау бірқатар стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған:

- біріншіден, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды ашық мемлекеттік басқару қағидаты және "халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыруға бағыттау;
- екіншіден, азаматтардың ауыл-аймақтарды дамытуға және жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қатысуын кеңейту;
- үшіншіден, атқарушылық және заңнама өкілеттіктерін төменгі сатыдағы мемлекеттік басқаруға кезең-кезеңімен беру;
- төртіншіден, ауыл әкімдерін тікелей сайлау кезінде партиялардың өкілеттіктерін кеңейту арқылы саяси бәсекелестікті дамыту [8].

Жалпы сайлау - қоғамды демократияландырудың маңызды институты, халықтың ерік білдіруінің көрінісі, оның мемлекеттік басқаруға қатысуының негізгі нысанының бірі. Көптеген шет елдің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тікелей сайлау кезінде жергілікті атқарушы органның басшысы (әкім) өз сайлаушылары алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді, бұл оның жұмысына оң әсер етеді.

Заң бойынша аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімін тікелей сайлау енгізіледі.

Енгізілген өзгерістер:



4 Сурет Қазақстанның ауыл әкімдерінің сайлауына байланысты енгізілген өзгерістер


«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Енгізілген өзгерістер азаматтардың саяси мәдениеттің арттырып, елімізде саяси плюрализм принциптерін арттыруға септебітін тигізері сөзсіз. Батыс әлемінің қарышты дамуының басты триггерінің бірі жергілікті өзін-өзі басқару принциптері екендігі белгілі. Бұл сайлау Қазақстанда осы өзін-өзі басқару принциптерінің алғышарты болып табылады. Сонымен бірге, тәуелсіздік жылдары халық бірінші рет, жаппай өздерінің әкімдерін тікелей сайлап алуға қол жетіп отыр. Өте үлкен прогрессивті қадам!

«Аталып отырған өзгерістердің бәрі – үлкен бетбұрысты өзгерістер. Мысалға биыл бірінші рет өткізілейін деп отырған ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы арқылы 800-ге жуық ауыл әкімі анықталады. Бұрын жанама түрде сайланған ауыл әкімдерінің өкілеттігі тоқтайды. Соған сәйкес, ендігі әкімдер тікелей сайлау арқылы сайланады. Бұл да еліміздің саяси дамуындағы үлкен бір айтулы оқиға, жаңа бір кезең. Себебі біздің халық өзінің әкімдерін тікелей сайлап, сол арқылы өздерінің саяси құқықтарын кең ауқымда жүзеге асырудың тағы бір қосымша мүмкіндігіне ие болады», - деді Ерлан Қарин.

ОСК мәліметтері бойынша, бүгінде Қазақстанда 2346 әкім бар. Биылғы жылдың соңына дейін шамамен 775 әкімді сайлауы өткен. Осы санаттағы қалған әкімдерді тікелей сайлау олардың өкілеттіктерінің аяқталу мерзімінің әр түрлі болуына байланысты 2022 - 2025 жылдары өтеді. Сонымен бірге, әкімдерді сайлау өткізуге республика бюджетінен шамамен 17,6 миллиард теңге, оның ішінде биыл 4,8 миллиард теңге бөлінді [6].

Өткен жылғы әкімдер сайлауы арқылы өңірлер өз саяси белсенділіктерін көрсеткен болатын. Ең беленді болған өңірлердің тізімін көру үшін кестеге назар аударайық!



5 Сурет 2021 жылғы әкімдер сайлауындағы өңірлер бойынша белсенділік көрсеткіші

Шығыс Қазақстан облысында халықтың басым бөлігі – 90,9% дауыс берді. Екінші орында Жамбыл облысы – 90,7%. Сайлаушылардың орташа келу көрсеткіші 80 пайызды құраса, екі аймақта 90 пайыздан асып түсті.

Ел тарихында алғаш рет республика көлемінде ұйымдастырылған әкім сайлауында 14 өңірдегі 1847 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Онда әкімдерінің өкілеттігі аяқталатын 730 ауыл мен ауылдық округтің, аудандық маңызы бар қала мен кенттің басшысы болудан үмітті кандидаттар бақ сынады. 730 сайлау округіне 2582 кандидат ұсынылып, 2297-сі тіркеуден

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

өткен болатын. Кандидаттардың басым бөлігі өз-өзін ұсынушылар болғанын да айта кету керек [9].

Қорытындылай келе, Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес билік пен азаматтық қоғам арасындағы жан-жақты диалогты қамтамасыз етуге жол ашуы, әкімдер сайлауы туралы заңға қол қоюы, мемлекеттің жаңа саяси инфрақұрылымын қалыптастырудың және демократиялық институттарды дамытуға үлкен серпіліс берді. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару институттарын дамытудағы аталған бағыттар уақыттың талабы екендігі сөзсіз, өйткені, жергілікті органдар халыққа неғұрлым жақын орналасқан және олар билік институттарының бүкіл жүйесінің тұрақты әрі демократиялық сипатын қамтамасыз ететін жергілікті жерде биліктің ұйымдастырылуының бірінші деңгейі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жариялады. Жолдауда атап өтілген жаңа реформалар барлық саяси институттарды қамтитыны белгілі болды. Биліктің негізгі институттары президент, парламент, жергілікті өзін-өзі басқару, партиялық, сайлау, құқық қорғау, сот жүйелерінің өкілеттілігі қайта қаралып, жаңғырды. Сайлау жүйесінде де үлкен өзгерістер болмақ. Президент алдағы уақытта сайлаулар нағыз демократиялық жолмен өткізілетін болатынын талдап берді. Барлық деңгейдегі әкімдер сайлауы жүзеге асырылатын болады. Бұл да ел жаңаруының бір ұшқыны болмақ. Олардың барлығы біздің мемлекетіміздің қазіргі әлем жағдайында дамуы үшін қажет. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясын ратификациялау туралы тезисті ерекше атап өткім келеді. Бұл қадам жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін кеңейтуге және жергілікті маңызы бар мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бюджетті бөлудің қолданыстағы жүйесі халықтың 40 пайыздан астамы тұратын ауылдарды дамытуға ықпал бермейтінін бәріміз түсінеміз. Ауылдағы әлсіз инфрақұрылым халықтың қалаға көшуіне ықпал етеді және одан да көп әлеуметтік проблемалар туғызады. Ең алдымен, жергілікті өзін-өзі басқаруды тікелей қаржыландыру жергілікті биліктің тиімді құралы, аймақтарда жинақталған мәселелерді шешуге және халыққа биліктің қызметін тікелей бақылауға септігін тигізеді.

Еліміздің саяси жүйесіндегі тұңғыш рет өткен ауыл әкімдерін сайлауы сөзсіз ауыл халқының азаматтық-қоғамдық белсенділігі мен саяси мәдениетін арттыра отырып, елімізде саяси плюрализм принциптерінің қалыптасуының көрсететін қажетті қадам бола білді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шарипова Э.А. К вопросу о системе субъектов конституционно-правовых отношений/Идель-Уральские правовые чтения Материалы Всероссийской заочной научно-практической конференции. – Уфа: БашГУ, 2015. – С. 101-106.
2. (Муниципальная наука: теория, методология, практика. Под общ. ред Иванова В.Н. — М.: Муниципальный мир, 2003).
3. (Ковешников Е.М. Муниципальное право. — М.: Издательство НОРМА - ИНФРА, 2002). Жергілікті
4. Кытманова Н.М. О влиянии зарубежного опыта на организацию местного самоуправления современной России//Местное самоуправление: вчера, сегодня, завтра: Материалы конференции 12 апреля 2004 г..
5. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000022>
6. <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/>
7. Murtazaliev A.M., Mirzaev M.A. Ukaz. soch.
8. strategy2050.kz <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/>
9. https://www.inform.kz/kz/zholdaudyn-zhuzege-asuy-aki saylauy_a3830447